

Астана қаласы әкімдігінің
«Д.Қонаев атындағы №66 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны
Мектепішілік ата-аналар жиналысының хаттамасы

Өткізілген орны: мектеп акт залы
Өтілген мерзімі: 2022 жыл 10 қыркүйек
Өткізілген уақыты: 10.00
Қатысушы ата-аналар саны: 357

Күн тәртібінде:

1. 2022-2023 жаңа оқу жылындағы ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері;
2. Мектепте жүргізілетін жобалар, сонын ішінде SHARE, IB халықаралық бакалавриат, Global scholars, Read-X, Дебат жобалары туралы таныстыру;
3. 2022-2023 жаңа оқу жылындағы тәрбие жұмыстарының жоспарлану ерекшеліктері;
4. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің құрамын өзгерту туралы

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры А.Шаяхметова сөз алып, оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2022-2023 оқу жылындағы ерекшеліктерімен таныстырды. 2022-2023 оқу жылында білім беруді ұйымдастыруда негізгі міндеттерді атап өтті: білім алушылардың білімін толықтыру; қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету; білім алушыларға сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету; цифрлық инфрақұрылыммен және ресурстармен жабдықтау; инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етудің негізгі нормативтік құқықтық актілерін атап өтті. Әр сыныпта оқу процесіне енгізілген өзгерістермен ата-аналарды хабардар етті. Бастауыш білім берудің үлгілік оқу

жоспарының оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 1 сыныптарындағы өзгерістерді атады: «Әліппе» және «Ана тілі» пәндері оқытылады, «Шетел тілі» және «Орыс тілі» пәндері оқытылмайды, «Көркем еңбек» пәні екі пәнге бөлінді: «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» және тағы басқа өзгерістерді атап өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша ағылшын тілі пәні мұғалімі Мөлдір Мақсұтқызы мектепте жүргізілетін жобалар, сонын ішінде SHARE, IB халықаралық бакалавриат, Global scholars, Read-X, Дебат жобалары туралы ата-аналарға кеңінен ақпарат берді. Халықаралық бакалавриат бағдарламасының бүкіл әлем бойынша оқушыларды белсендірек, жанашыр болуға, өмір бойы білімін жетілдіруге және басқа адамдардың дүниетанымы әртүрлі болса да, олардың дұрыстығын тануға дайын болуға ынталандыратындығын және бағдарламаның артықшылықтарына тоқталды. Global scholars жобасы бойынша

оқушылардың ізденімпаз қасиетін арттыру арқылы түрлі зерттеу жобаларының іске асып жатқанын жеткізді. Read-X жобасы арқылы мектеп қабырғасында оқушылар түрлі тақырыпта пікір алмасып, дүниетанымын кеңейтіп келеді. Осы жоба аясында жетістікке жетіп келе жатқан қоғамға танымал зиялы қауыммен жиі кездесулер өтетіндігін таныстырылым арқылы көрсетті. Мектепшілік «Зияткер» дебат клубы қала көлемінде өз деңгейлерін көтеріп, түрлі кездесулерде нәтижелі орындардан көрініп келе жатқанын жеткізді.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Т.Бейсекова сөз алып, 2022-2023 жаңа оқу жылындағы тәрбие жұмыстарының жоспарлану ерекшеліктерімен таныстырды. Тәрбие саласы бойынша іске асырылатын жобаларды атап, жобаның артықшылықтарын атап өтті. Оқушылардың мектептегі өзін-өзі басқаруы білім беру процесін демократияландыруға ықпал етеді және білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының ажырамас бөлігі болуы керектігін және дебат арқылы зияткерлік рөлдік ойын, білім беру технологиясы, ол бар білімді қолдана білуді қалыптастыратындығын, функционалдық сауаттылықты дамыта отырып, болашақта өзін-өзі сәтті жүзеге асырудың кепілі болатындығын жеткізді.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Шаханов Қазыбек Берикович сөз алып, 2021-2022 оқу жылында Қамқоршылық кеңестің атқарған маңызды жұмыстарына тоқталды. Білім беру ұйымы оқушыларының құқықтарының сақталуына, білім беру ұйымын дамытудың басым бағыттарына баса назар аударғандарын жеткізді. Сонымен қатар Қамқоршылық кеңестің құрамындағы кейбір ата-аналардың басқа қалаға көшуіне, баласының мектеп бітіруіне, баласының басқа мектепке ауысуына және т.б себептерге байланысты Қамқоршылық кеңес мүшелерінің құрамын өзгертуді ұсынды.

Шешімі:

1. 2022-2023 жаңа оқу жылындағы ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері іске асырылсын және сынып ата-аналары толық таныссын;
2. Мектепте жүргізілетін жобалар, сонын ішінде SHARE, IB халықаралық бакалавриат, Global scholars, Read-X, Дебат жобалары бойынша әрі қарай жұмыстар жалғассын;
3. 2022-2023 жаңа оқу жылындағы тәрбие жұмыстарының жоспарлану ерекшеліктеріне аталған жұмыстар жүргізілсін
4. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Шаханов Қазыбек Бериковичтің ұсынысымен және бақылауымен Қамқоршылық кеңес мүшелерінің құрамы өзгертілсін.

Комиссия төрайымы _____ А. Шаяхметова

Хатшы _____

_____ А. Абилова

